

«Геологиялық-барлау және топографиялық-геодезикалық жұмыстар» кәсіби стандарты

1. Жалпы ережелер

1. Кәсіби стандарт мыналарға:

кәсіби қызметтің мазмұнына қойылатын бірыңғай талаптарды әзірлеу, еңбек нарығының қазіргі заманғы талаптарына сай келетін біліктілік талаптарын жаңартуға;

персоналды басқару саласындағы міндеттердің ауқымды көлемін шешуге; білім беру стандарттарын, оқу жоспарларын, модульдік оқыту бағдарламаларын әзірлеуге, сондай-ақ тиісті оқу-әдістемелік материалдарды әзірлеуге;

мамандардың кәсіптік даярлығын бағалауға және біліктілікке сәйкестігін растауға арналған.

2. Кәсіби стандарттардың негізгі пайдаланушылары:

білім беру ұйымдарының түлектері, жұмыскерлер; ұйымдардың басшылары мен жұмыскерлері, ұйымдардың персоналды басқару бөлімшелерінің басшылары мен жұмыскерлері;

білім беру бағдарламаларын әзірлейтін мамандар; мамандардың кәсіптік даярлығын бағалау және біліктілікке сәйкестігін растау саласындағы мамандар болып табылады.

3. Кәсіби стандарт негізінде қызметтің функциональдық моделіне, лауазымдарға, қызметкерлердің біліктілігін арттыруға, аттестаттауға, еңбекті ынталандыру жүйесіне тағы басқаларға арналған ұйымдардың ішкі, корпоративтік стандарттары әзірленуі мүмкін.

4. Осы кәсіби стандартта мынадай терминдер мен анықтамалар қолданылады:

1) біліктілік - жұмыскерлердің еңбек қызметінің белгілі бір шеңберінде нақты функцияларды сапалы орындауға дайын болуы;

2) біліктілік деңгейі – жұмыскерлердің еңбек әрекеттері күрделілігі, стандартты болмауы, жауапкершілік және дербестік өлшемдері бойынша сараланатын құзыреттеріне қойылатын талаптар жиынтығы.

3) еңбек нысанасы – белгілі бір еңбек құралдарының көмегімен өнім жасау мақсатында жұмыскерлердің әрекеті бағытталған нысана;

4) еңбек құралдары – бастапқы жағдайдан өнімге түрлендіру үшін жұмыскер пайдаланатын құралдар;

5) еңбек қызметінің түрі – еңбек функцияларының және құзыреттерді орындау үшін қажетті тұтастай жиыны арқылы қалыптасқан кәсіптік қызмет саласының құрамдас бөлігі;

6) еңбек функциясы – еңбек үдерісінің бір немесе бірнеше міндеттерін шешуге бағытталған өзара байланысты іс-қимылдар жиыны;

7) кәсіби қызмет саласы – жалпы ықпалдасу негізі бар (ұқсас немесе жақын мақсаттар, объектілер, технологиялар, оның ішінде еңбек құралдары) және орындау үшін еңбек функциялары мен құзыреттерінің ұқсас жиынтығын меңзейтін саланың еңбек қызметі түрлерінің жиынтығы;

8) кәсіби стандарт – кәсіби қызметтің нақты саласында біліктілігінің деңгейіне, еңбек мазмұнына, сапасына және жағдайларына қойылатын талаптарды айқындайтын стандарт;

9) кәсіби стандарт бірлігі – кәсіби стандарттың еңбек қызметінің осы түрі үшін тұтас, аяқталған, салыстырмалы түрде дербес және маңызды болып табылатын нақты еңбек функцияларының толық сипаттамасын қамтитын құрылымдық элементі;

10) кәсіп – арнайы теориялық білімдер мен арнайы даярлық, жұмыс тәжірибесі нәтижесінде алынған практикалық дағдылардың кешені болуын талап ететін еңбек қызметінің түрі;

11) құзырет – еңбек қызметінде білімді, білік пен тәжірибені қолдану қабілеті;

12) лауазым – ұйымның ұйымдық-әкімшілік сатысы жүйесіндегі функциональдық орын;

13) міндет – еңбек функцияларын іске асырумен және еңбектің нақты заттары мен құралдарын пайдалануға байланысты іс-қимылдар жиынтығы;

14) сала – шығарылатын өнімнің, өндіріс технологиясының, негізгі қорлар мен жұмыс жасайтындардың кәсіби дағдыларының жиыны тән кәсіпорындар мен ұйымдардың жиынтығы;

15) салалық біліктілік шеңбері – салада танылатын біліктілік деңгейлерінің құрылымдық сипаттамасы;

16) ұлттық біліктілік шеңбері – еңбек нарығында танылатын біліктілік деңгейлерінің құрылымдық сипаттамасы;

17) функциональдық карта – кәсіптік қызметтің қандай да бір саласы шеңберінде қызметтің белгілі бір түрін орындайтын жұмыскердің еңбек функциялары мен міндеттерінің құрылымдық сипаттамасы.

5. Осы кәсіби стандартта мынадай қысқартулар пайдаланылады:

КҚ – кәсіби қызмет;

ҚТ – қызмет түрі;

КС – кәсіби стандарт;

ҰБШ – ұлттық біліктілік шеңбері;

СБШ – салалық біліктілік шеңбері;

БТБА – Қазақстан Республикасының жұмыстар мен жұмысшылар кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамасы.

2. Кәсіби стандарт паспорты

6. Экономикалық қызмет түрі (кәсіби қызмет саласы): Инженерлік іздестірулер саласындағы қызмет және осы саладағы техникалық консультацияларды ұсыну.

7. Экономикалық (кәсіби сала) қызметінің негізгі мақсаты: Далалық геологиялық-барлау және топографиялық-геодезиялық жұмыстарды жүргізу кезіндегі мамандандырылған жұмыс операцияларын орындау.

Кәсіби стандарт «Далалық геологиялық-барлау және топографиялық-геодезиялық жұмыстарды жүргізу» кәсіби қызмет саласында ұстауға, сапаға, еңбек шарттарына, жұмыскерлердің біліктілігі мен құзыреттілігіне қойылатын талаптарды белгілейді.

8. Қызмет, кәсіп түрлері, біліктілік деңгейлері Кәсіби стандартқа 1-қосымшада айқындалған.

Стандарттар талаптары осы саланың қызмет түрлері мен мынадай кәсіптеріне жатады:

- геолог;
- геофизик;
- бұрғылаушы;
- геодезист;
- картограф;

3. Еңбек қызметі (кәсіп) түрлерінің карточкасы **1-параграф, Геолог**

1. СБШ бойынша біліктілік деңгейі: 1-3: 1-3.

2. Лауазымдардың мүмкін болатын атаулары: геологиялық-түсірілім және іздестіру жұмыстарындағы жұмысшы; геологиялық сынамаларды шаюшы; сынаманы іріктеуші, минералдар мен түпшаймаларды байытқыш; гидрогеологиялық жұмыстардағы жұмысшы.

3. «Геолог» кәсібі субъектіні мынадай негізгі функцияларды іске асырумен байланысты міндеттерді білуді және орындай алуды міндеттейді: геологиялық жұмыстарды жүргізуге қатысу.

Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланыс осы кәсіби стандартқа 2-қосымшаның 1-кестесінде көрсетілген.

4. Еңбек шарттарына, геологтың білімі мен жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар осы кәсіби стандартқа 2-қосымшаның 2-кестесінде келтірілген.

5. Кәсіби стандарт бірліктерінің тізбесі осы кәсіби стандартқа 2-қосымшаның 3-кестесінде келтірілген.

6. Кәсіби стандарт бірліктерін және геолог орындайтын еңбек іс-қимылдарын сипаттайтын функционалдық карта осы кәсіби стандартқа 2-қосымшаның 4-кестесінде келтірілген.

7. Геологтың құзыреттілігіне қойылатын талаптар осы кәсіби стандартқа 2-қосымшаның 5, 6 және 7-кестелерінде көрсетілген

2-параграф. Геофизик

8. СБШ бойынша біліктілік деңгейі: 1-4.

9. Лауазымдардың мүмкін болатын атаулары: каротажшы; каротажды станция машинисі; геофизикалық аппаратура реттеушісі; геофизикалық жұмыстардағы жұмысшы.

10. «Геофизик» кәсібі субъектіні мынадай негізгі функцияларды іске асырумен байланысты міндеттерді білуге және орындай алуға міндеттейді: геофизикалық жұмыстарды жүргізуге қатысу.

Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланыс осы кәсіби стандартқа 3-қосымшаның 1-кестесінде көрсетілген.

11. Еңбек шарттарына, геофизиктің білімі мен жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар осы кәсіби стандартқа 3-қосымшаның 2-кестесінде келтірілген.

12. Кәсіби стандарт бірліктерінің тізбесі осы кәсіби стандартқа 3-қосымшаның 3-кестесінде келтірілген.

13. Кәсіби стандарт бірліктерін және геофизик орындайтын еңбек іс-қимылдарын сипаттайтын функционалдық карта осы кәсіби стандартқа 3-қосымшаның 4-кестесінде келтірілген.

14. Геофизиктің құзыреттілігіне қойылатын талаптар осы кәсіби стандартқа 3-қосымшаның 5, 6, 7 және 8-кестелерінде көрсетілген

3-параграф. Бұрғылаушы

15. СБШ бойынша біліктілік деңгейі: – 2-4

16. Лауазымдардың мүмкін болатын атаулары: электрлі қозғалтқышы бар жылжымалы компрессор машинисі; электрлі бұрғылау кезіндегі ұңғымаларды істеп тұрған және барлау бұрғысы бұрғылаушысының көмекшісі; шурфты өтпел агрегатының машинисі; бұрғылау қондырғысы машинисінің көмекшісі; бұрғылау қондырғысының машинисі.

17. «Бұрғылаушы» кәсібі субъектіні мынадай негізгі функцияларды іске асырумен байланысты міндеттерді білуге және орындай алуға міндеттейді: бұрғылау жұмыстарын жүргізуге қатысу.

Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланыс осы кәсіби стандартқа 4-қосымшаның 1-кестесінде көрсетілген.

18. Еңбек шарттарына, геофизиктің білімі мен жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар осы кәсіби стандартқа 4-қосымшаның 2-кестесінде келтірілген.

19. Кәсіби стандарт бірліктерінің тізбесі осы кәсіби стандартқа 4-қосымшаның 3-кестесінде келтірілген.

20. Кәсіби стандарт бірліктерін және бұрғылаушы орындайтын еңбек іс-қимылдарын сипаттайтын функционалдық карта осы кәсіби стандартқа 4-қосымшаның 4-кестесінде келтірілген.

21. Бұрғылаушының құзыреттілігіне қойылатын талаптар осы кәсіби стандартқа 4-қосымшаның 5, 6 және 7-кестелерінде көрсетілген

4-параграф. Геодезист

22. СБШ бойынша біліктілік деңгейі: 2-4

23. Лауазымдардың мүмкін болатын атаулары: техник-геодезист; техник-аэрофотограмметрист; техник-аэрофотогеодезист; техник-картограф; аэрофототүсірілім өндірісінің технигі; топографиялық-геодезикалық және маркшейдерлік жұмыстардағы өлшеуші.

24. «Геодезист» кәсібі субъектіні мынадай негізгі функцияларды іске асырумен байланысты міндеттерді білуге және орындай алуға міндеттейді: топографиялық-геодезикалық жұмыстарды жүргізуге қатысу.

Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланыс осы кәсіби стандартқа 5-қосымшаның 1-кестесінде көрсетілген.

25. Еңбек шарттарына, геодезистің білімі мен жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар осы кәсіби стандартқа 5-қосымшаның 2-кестесінде келтірілген.

26. Кәсіби стандарт бірліктерінің тізбесі осы кәсіби стандартқа 5-қосымшаның 3-кестесінде келтірілген.

27. Кәсіби стандарт бірліктерін және геодезист орындайтын еңбек іс-қимылдарын сипаттайтын функционалдық карта осы кәсіби стандартқа 5-қосымшаның 4-кестесінде келтірілген.

28. Геодезистің құзыреттілігіне қойылатын талаптар осы кәсіби стандартқа 5-қосымшаның 5, 6 және 7-кестелерінде көрсетілген.

5-параграф. Картограф

29. СБШ бойынша біліктілік деңгейі: 2-4.

30. Лауазымдардың мүмкін болатын атаулары: техник-картограф.

31. «Картограф» кәсібі субъектіні мынадай негізгі функцияларды іске асырумен байланысты міндеттерді білуге және орындай алуға міндеттейді: карталар мен жоспарлар жасауға қатысу.

Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланыс осы кәсіби стандартқа 6-қосымшаның 1-кестесінде көрсетілген.

32. Еңбек шарттарына, картографтың білімі мен жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар осы кәсіби стандартқа 6-қосымшаның 2-кестесінде келтірілген.

33. Кәсіби стандарт бірліктерінің тізбесі осы кәсіби стандартқа 6-қосымшаның 3-кестесінде келтірілген.

34. Кәсіби стандарт бірліктерін және картограф орындайтын еңбек іс-қимылдарын сипаттайтын функционалдық карта осы кәсіби стандартқа 6-қосымшаның 4-кестесінде келтірілген.

35. Картографтың құзыреттілігіне қойылатын талаптар осы кәсіби стандартқа 6-қосымшаның 5, 6 және 7-кестелерінде көрсетілген.

4. Осы кәсіби стандарт негізінде берілетін сертификаттар түрлері

5. Кәсіби стандартты әзірлеушілер

«Тау-кен өндіру және тау-кен-металлургиялық кәсіпорындар республикалық қауымдастығы» ЗТБ

6. Келісу парағы

Ұйымның атауы	Келіскен күні
Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Техникалық және кәсіптік білім беруді дамыту және кадрларды даярлау жөніндегі салалық кеңесі	

7. Сараптама және кәсіби стандартты тіркеу

Осы кәсіби стандарт _____

тіркелді.

Кәсіби стандарттар тізіліміне тіркеу № _____
болып енгізілді.

Хат (хаттама) № _____

Күні

«Геологиялық-барлау және
топографиялық-геодезикалық жұмыстар»
кәсіби стандартына
1-қосымша

Қызметтің, кәсіптердің түрлері, біліктілік деңгейлері

№ р/с	Қызмет түрінің атауы	Еңбек нарығының үрдістерін есепке алғандағы кәсіптер атауы	ҚР МЖ 05-2008 мемлекеттік кәсіптердің жіктеуішіне сәйкес кәсіптер атауы	СБШ біліктілік деңгейі
1	Геологиялық жұмыстар жүргізуге қатысу	Геолог	Геологиялық-түсірілім және іздістіру жұмыстарындағы жұмысшы; Геологиялық сынамаларды шаюшы; Сынаманы іріктеуші; Минералдар мен түпшаймаларды байытқыш; Гидрологиялық жұмыстардағы жұмысшы.	1-3
2	Геофизикалық жұмыстарды жүргізуге қатысу	Геофизик	Каротажшы; Каротажды станция машинисі; Геофизикалық аппаратура реттеушісі; Геофизикалық жұмыстардағы жұмысшы.	1-4
3	Бұрғылау жұмыстарын жүргізуге қатысу	Бұрғылаушы	Электрлі қозғалтқышы бар жылжымалы компрессор машинисі; Электрлі бұрғылау кезіндегі ұңғымаларды істеп тұрған және барлау бұрғысы бұрғылаушысының көмекшісі; Шурфты өтпел агрегатының машинисі; Бұрғылау қондырғысы машинисінің көмекшісі; Бұрғылау қондырғысының машинисі.	2-4
4	Топографика- лық- геодезиялық жұмыстарды жүргізуге қатысу	Геодезист	Техник-геодезист; Техник-аэрофотограмметрист; Техник-аэрофотогеодезист; Техник- картограф; Аэрофототүсірілім өндірісінің технигі; Топографиялық-геодезикалық және маркшейдерлік жұмыстардағы өлшеуші.	2-4
5	Карталар мен жоспарлар жа-	Картограф	Техник-картограф	

	сауға қатысу			
--	--------------	--	--	--

«Геологиялық-барлау және
топографиялық-геодезикалық жұмыстар»
кәсіби стандартына
2-қосымша

1-кесте. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланыс

ҚР МЖ 01-2005 мемлекеттік кәсіптердің жіктеуіші					
Базалық тобы	7610. Геологиялық-барлау жұмыстарында еңбек ететін жұмысшылар кәсіптері				
Қазақстан Республикасы жұмысшыларының жұмыстары мен кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығы (БТБА)					
БТБА шығарылым, бөлім	05 шығарылым. «Геологиялық-барлау және топографиялық-геодезиялық жұмыстар» бөлімі				
БТБА бойынша кәсіп	18-21 Минералдар мен түпшаймаларды байытқышы (2-5 р.)	22 Геологиялық сынамаларды іріктеуші; (4-5р.)	23-26 Геологиялық сынамаларды шаюшы; (2-5р.)	33-34 Тау жыныстарының қопсытушы (2-3р.)	28-29 Гидрологиялық жұмыстардағы жұмысшы. (2-3р.)
БҰШ біліктілік деңгейі	БТБА бойынша разрядтар				
1	2	-	2	2	2
2	3-4	4	3-4	3	3
3	5	5	5	-	-

2-кесте. Еңбек шарттарына, біліміне және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар

Кәсіптер бойынша мүмкін болатын жұмыс орындары	Экономиканың түрлі салалары үшін геологиялық қызметтерді көрсететін мамандандырылған кәсіпорындар/ұйымдар (мұнай-газ, тау-кен өндіруші, инженерлік құрылыстарды салу, экология және т.б.)
Зиянды және қауіпті еңбек жағдайы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 19 желтоқсандағы № 1930 қаулысына сәйкес өте зиянды және қауіпті еңбек жағдайлары бар кәсіптердің №1 және 2 тізіміне кіреді
Жұмысқа жіберудің ерекше шарттары	ҚР ТЖМ-ның 2008 жылғы 29 желтоқсандағы №219 бұйрығына сәйкес: - кіріспе нұсқаулық – жұмысқа қабылдау, басқа кәсіп бойынша жұмысқа ауысу кезінде; - кезектен тыс – жұмыс технологияларын өзгерту кезінде, жұмыстың басқа учаскесіне ауыстыру кезінде, жұмыстарды

	қауіпсіз орындау қағидаларының бұзылуы кезінде – өндірістік бақылау тұлғасының немесе Мемлекеттік инспекторының талабы бойынша; - кезеңділігі–жарты жылда бір рет.	
СБШ біліктілік деңгейі	Кәсіби білім беру және оқыту деңгейі	Талап етілетін жұмыс тәжірибесі
1	Іс жүзіндегі тәжірибесі және/немесе жұмыс орнындағы қысқа мерзімді (нұсқау беру) оқыту және/немесе негізгі орташа білім болған кезде қысқа мерзімді курстар, бірақ бастауыш білімнен төмен емес	-
2	Іс жүзіндегі тәжірибесі және/немесе кәсіби дайындық (білім беру ұйымы базасындағы қысқа мерзімді курстар немесе кәсіпорындарда оқыту), жалпы орташа білім болғанда, бірақ негізгі орташадан төмен емес	Жұмыс орнында оқыту кезеңінде. Нұсқау беру.
3	Іс жүзіндегі тәжірибесі және/немесе кәсіби дайындық (бір жылға дейінгі кәсіби даярлық бағдарламасы бойынша білім беру ұйымы базасындағы курстар немесе кәсіпорындарда оқыту), жалпы орташа білім немесе негізгі орташа білім немесе іс жүзіндегі тәжірибесіз жалпы орташа білім базасында техникалық немесе кәсіби білім болғанда.	2-деңгейде 1 жыл

3-кесте. Кәсіби стандарт бірлігінің тізбесі
(кәсіптің еңбек функциялары)

Еңбек функциясының №	Еңбек функциясының (кәсіби стандарт бірліктерінің) атауы
1	Геологиялық зерттеу жүргізу үшін материалдар мен жабдықтарды дайындау
2	Далалық жұмыстар кезінде геологиялық материалдарды (тау-кен жыныстары мен минералдарының үлгілері мен сынамалары, сондай-ақ гидрологиялық ұңғымалардан су сынамалары)
3	Соңғы далалық геологиялық жұмыстарды жою

4-кесте. Кәсіби стандарт бірліктерінің сипаттамасы
(функционалдық карта)

Еңбек функциясының №	Еңбек нысанасы	Еңбек құралы	Міндеттер (еңбек іс-қимылы)
1	Геологиялық	Геологиялық керек-жарақ	1-1) Геологиялық керек-

	керек-жарак пен жабдыктар, тау-кен жыныстары мен минералдар.	пен жабдыктарды орау, тасымалдау және жұмыс орнында орауын ашу.	жарак пен жабдыктарды тиеу, оларды жұмыс орнына тасымалдау. Далалық лагерь алаңдарын және тұрақ орындарын дайындау. Тұрақ (далалық лагерь) аумағында мүлікті күзету, жинау және қалыпты санитарлық-гигиеналық жағдайлар жасау
	Геологиялық материалдарды таңдау үшін тау-кен-геологиялық және зертханалық жабдық	Жабдықты пайдалану үлгілерді, сынамаларды және түпшаймаларды сынау және іріктеу әдістері жөніндегі нұсқаулық	1-2) Геологиялық материалдарды әріктеу үшін техникалық және қосалқы құралдарды дайындау мен жөндеуге және оларды талдауға дайындауға қатысу. Геологиялық және зертханалық жабдыктарды күтіп ұстау, оның жұмысындағы ұсақ кемшіліктерді анықтау және жою
2	Геологиялық материалдарды іріктеу үшін тау жыныстары мен минералдары, тау-кен-геологиялық жабдық, гидрологиялық жұмыстар үшін құрал-жабдыктар, жабдыктар мен механизмдер	Далалық геологиялық, оның ішінде гидрогеологиялық зерттеулердің әдісі мен техникасы, техник-геологтын/гидрогеологтын нұсқаулары	<p>2-1) Үстіңгі беттегі тау қазбаларының (орлар, үңгірлер және шурфтар) бұрын өткен жерлерін, жаңа өтпелерді тазарту және ұсақтарды жою. Бағыттағы маман геологқа ілесіп жүру.</p> <p>2-2) Пайдалы қазбалардың сапасы мен санын айқындау үшін геологиялық материалдардың әртүрлі түрлерін (тау жыныстары мен минералдардың үлгілері мен сынамалары) іріктеу.</p> <p>2-3) Талдау үшін сынамаларды дайындау (сынамаларды өңдеу, шаю, жеткізу). Сынамаларды іріктеу,</p>

			<p>тіркеу және таңбалау бойынша құжаттаманы ресімдеу.</p> <p>2-4) Бұрғылау ұңғымасының сағасын ашу (ағаш тығынды алу); уақытша суды бұру үшін құбырларды (су көтергіш, ауа өткізгіш, пьезометрикалық) таңдап алу; жылжымалы компрессорлық станцияны орнату; ұңғымаға сорғылар мен құбырларды (ауа өткізгіш, пьезометрикалық) түсіру; ұңғыма сағасының үстінен құбырларды бекіту; тығыздаманы бұрғылау қондырғысының сағасына тығыздаманы орнату; суды ағызу үштігін винтпен бұрау; ауа өткізу құбырларын компрессорлық станцияға қосу; өлшеу приборларын орнату (ашық үлгідегі мөлшерлі ыдыстар, электр деңгейін өлшегіштер және басқалары)</p> <p>2-5) Суды бір деңгейде төмендету шегінде суды үздіксіз айдау; тәжірибе процесінде деңгейді, температураны және су шығынын өлшеу; талдау үшін су сынамаларын іріктеу; деңгейді қалпына келтіруді қадағалау; машиналарға және жабдықтарға қызмет көрсету; тәжірибелік деректерді далалық өңдеу және құжаттама</p> <p>2-6) Қашаулар мен арнайы балғалар көмегімен ақаулы, жарылған, қатып қалған,</p>
--	--	--	---

			<p>кондициялық емес учаскелер мен бөтен қоспаларды опырып алу тәсілімен кварц кристалдарын және талсымды кварцтың қалдықтарын байыту. Сұрыптар бойынша шикізатты бөлу (1, 2 және Экстра) бөлу. Шикізатты сақтау орнына жеткізу. Қалдықтарды жою.</p> <p>2-7) Магматикалық және метаморфикалық тау жыныстарынан, құрамында 50%-ға дейін кварц бар жыныстардан күрделі емес шлифтер мен аншлифтер дайындау. Тау жыныстарының физикалық-механикалық қасиеттерін зерттеу үшін кубиктер, пластиналар, призмалар, цилиндрлер шлифтерін жасау. Шлифтерді микроскоп астында тексеру. Жабысқақ құрамдар дайындау. Пайдаланылатын жабдыққа алдын ала қызмет көрсету және ағымдағы жөндеу. Дайындалған шлифтерді заттанбалау және есепке алу</p>
3	Геологиялық жабдық. Слесарлық құрал-сайман.	Геологиялық жабдықты демонтаждау схемасы.	3-1) Геологиялық жабдықты демонтаждауға қатысу
	Геологиялық керек-жарақ. Шанцтық құрал-сайман.	Орау, тасмалдау және жұмыстарды жою схемасы.	3-2) Геологиялық жабдықты/керек-жарақты орауға және тиеуге, далалық лагерь алаңдарын және тұрақ орындарын және геологиялық жұмыстар салдарын жоюға қатысу.

5-кесте. СБШ 1-ші деңгейдегі геологтың құзыреттіліктеріне қойылатын талаптар

№ міндеттер	Тұлғалық және кәсіби құзыреттіліктер	Білігі мен дағдылары	Білімі
1-1) 1-2) 1-3) 2-1) 3-1) 3-2)	Далалық жұмыстарды ұйымдастыру кезінде басшылықтың нұсқауларын орындайды – мүлікті күзету, тұрақ, лагерь аумағында жинастыруды және қалыпты санитарлық-гигиеналық жағдайларды қамтамасыз ету. Еңбекті қорғау және техника қауіпсіздігі, өрт қауіпсіздігі мен ішкі тәртіп қағидаларының талаптарын орындайды.	Шанцтік құрал-саймандармен жұмыс. Далалық керек-жаракқа, аспаптарға және жабдықтарға қызмет көрсету. Аспаздық және кулинарлық іс негіздері. Қайғылы жағдайларда дәрігер келгенге дейінгі көмек көрсету.	Далалық керек-жарактарды, аспаптарды, құрал-саймандарды, жабдықты, сынамалардың әртүрлі түрлерін пайдалану, сақтау, орау және тасымалдау қағидалары. ЕҚЖҚТ, ӨК, ӨС, ҚОҚ және ӨҚ, азық-түліктерді қабылдау, сақтау, шығындарын есепке алу және олардың жарамдылық мерзімдері қағидалары

6-кесте. СБШ 2-ші деңгейдегі геологтың құзыреттіліктеріне қойылатын талаптар

№ міндеттер	Тұлғалық және кәсіби құзыреттіліктер	Білігі мен дағдылары	Білімі
2-2) 2-3) 2-4)	Әртүрлі геологиялық материалдарды (тау жыныстары мен минералдардың үлгілері мен сынамаларын, сондай-ақ гидрогеологиялық ұңғымалардан су ысанамаларын) жинау және өңдеу кезінде дербестіліктің және шектелеген жауапкершіліктің белгілі бір дәрежесі	Тау-кен- қар еритін және шөлейтті аудандарда бағыттарды жүргізу. Нұсқаулық негізінде және алған тапсырмаға сәйкес жабдық жұмысының режимдері	Геологиялық, гидрогеологиялық, геолого-түсірілімдік және іздестіру жұмыстарын жүргізу туралы негізгі мәліметтер, сынамаларды іріктеу және өңдеу, жыныстар мен сынамалар үлгілерін орау, заттаңбалау және тасымалдау қағидалары, сынамалар түпшаймаларын іріктеу және шаю қағидалары мен тәсілдері, түпшаймаларды үрлеу қағидалары мен тәсілдері, түпшаймаларда кездесетін түпшайма минералдары мен металдарының анағұрлым шоғырланған жерлері, далалық аспаптарды пайдалану және қызмет көрсету қағидалары, тау жыныстарының физикалық-механикалық қасиеттері мен олардың шөгу жағдайлары туралы элементарлық мәліметтер, топографо-геодезиялық, зондирлік және сынама іріктеу құрал-

			саймандарының мақсаты, оларды пайдалану, сақтау және тасымалдау қағидалары, геодезикалық белгілерді тағайындау, тау-кен-барлау жұмыстарын жүргізу қағидалары, бұрғылау құралдарын және мотобұрғылау қондырғысын, қол тәсілімен және мотобұрғылаумен ұңғымаларды бұрғылау технологиясын пайдалану қағидалары
--	--	--	---

7-кесте. СБШ 3-ші деңгейдегі геологтың құзыреттіліктеріне қойылатын талаптар

№ міндеттер	Тұлғалық және кәсіби құзыреттіліктер	Білігі мен дағдылары	Білімі
2-5) 2-6) 2-7)	Гидрогеологиялық жұмыстарды жүргізген, минералдар мен түпшаймаларды байытқан, тау жыныстарын шлифтеген кезде дербес жоспарлау және жауапкершілік	Қолданылатын жабдықтар мен құрал-саймандарды пайдалану және қызмет көрсету	Гидрогеологиялық зерттеулердің негізгі технологиялары мен техникалары – судың бір төмендетілген деңгейі шегінде суды айдау; тәжірибе процесінде су деңгейін, температурасын және шығысын өлшеу; талдау үшін су сынамасын іріктеу; деңгейді қалыптастыруды қадағалау; машианалар мен жабдықтарға қызмет көрсету; құжаттама және тәжірибе деректерін далалық өңдеу. Шикізаттың (кварц, исландық шпат және түсті тастар) сыртқы белгілері мен негізгі физикалық-механикалық қасиеттері, нормативтік-техникалық құжатпен шикізатқа қойылатын талаптар, шикізатты (түсті тастарды) жіктеу кезінде қолданылатын терминдер мен анықтамалар. Тау жыныстарын өңдеу ерекшеліктері және физикалық-механикалық қасиеттері, тау жыныстарын өңдеу техникасы мен технологиясы және олардан шлифтер дайындау, шлиф тәрізді (абразивтік) материалдардың түрлері мен мақсаты, шлифтер сапасына қойылатын талаптар, шлифтер дайындау кезінде дәлдікке және тау жыныстарын өңдеу тазалығына қол жеткізу тәсілдері. Шөгінді, аз цементтелген және жарықшақты жыныстардан, сондай-ақ құрамында 50%-дан астам кварцы бар жыныстардан күрделі және стандартты

			емес шлифтерді (үлгілерді) дайындау
--	--	--	-------------------------------------

«Геологиялық-барлау және
топографиялық-геодезикалық жұмыстар»
кәсіби стандартына
3-қосымша

1-кесте. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланыс

ҚР МЖ 01-2005 мемлекеттік кәсіптердің жіктеуіші						
Базалық тобы	7610. Геологиялық-барлау жұмыстарында еңбек ететін жұмысшылар кәсіптері					
Қазақстан Республикасы жұмысшыларының жұмыстары мен кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығы (БТБА)						
БТБА шығарылым, бөлім	05 шығарылым. «Геологиялық-барлау және топографиялық-геодезиялық жұмыстар» бөлімі					
БТБА бойынша кәсіп	30-32 Геофизикалық жұмыстардағы жұмысшы (2-4- разрядтар)	15 Электр барлау станцияларындағы моторист (4-разряд)	16-17 Геофизикалық аппаратура жөндеушісі (5-6- разрядтар)	11 Сейсмикалық дабылдарды қоздырушы қондырғы машинисі (6-разряд)	10 Каротажды станция-машинисі (4-7- разрядтар)	8-9 Каротажник (4-7- разрядтар)
СБШ біліктілік деңгейі	БТБА бойынша разрядтар					
1	2	-	-	-	-	-
2	3	4	-	-	-	-
3	4	-	5	6	4-5	4-5
4		-	6	-	6-7	6-7

2-кесте. Еңбек шарттарына, біліміне және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар

Кәсіптер бойынша мүмкін болатын жұмыс орындары	Экономиканың түрлі салалары үшін геологиялық қызметтерді көрсететін мамандандырылған кәсіпорындар/ұйымдар (мұнай-газ, тау-кен өндіруші, инженерлік құрылыстарды салу, экология және т.б.)
Зиянды және қауіпті еңбек жағдайы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 19 желтоқсандағы № 1930 қаулысына сәйкес өте зиянды және қауіпті еңбек жағдайлары бар кәсіптердің №1 және 2

	тізіміне кіреді	
Жұмысқа жіберудің ерекше шарттары	<p>ҚР ТЖМ-ның 2008 жылғы 29 желтоқсандағы №219 бұйрығына сәйкес:</p> <ul style="list-style-type: none"> - кіріспе нұсқау беру – жұмысқа қабылдау, басқа кәсіп бойынша жұмысқа ауысу кезінде; - кезектен тыс – жұмыс технологияларын өзгерту кезінде, жұмыстың басқа учаскесіне ауыстыру кезінде, жұмыстарды қауіпсіз орындау қағидаларының бұзылуы кезінде – өндірістік бақылау тұлғасының немесе Мемлекеттік инспекторының талабы бойынша; - кезеңділігі–жарты жылда бір рет. 	
СБШ біліктілік деңгейі	Кәсіби білім беру және оқыту деңгейі	Талап етілетін жұмыс тәжірибесі
1	Іс жүзіндегі тәжірибесі және/немесе жұмыс орнындағы қысқа мерзімді (нұсқау беру) оқыту және/немесе негізгі орташа білім болған кезде қысқа мерзімді курстар, бірақ бастауыш білімнен төмен емес.	-
2	Іс жүзіндегі тәжірибесі және/немесе кәсіби дайындық (білім беру ұйымы базасындағы қысқа мерзімді курстар немесе кәсіпорындарда оқыту), жалпы орташа білім болғанда, бірақ негізгі орташадан төмен емес.	Жұмыс орнында оқыту кезеңінде. Нұсқау беру.
3	Іс жүзіндегі тәжірибесі және/немесе кәсіби дайындық (бір жылға дейінгі кәсіби даярлық бағдарламасы бойынша білім беру ұйымы базасындағы курстар немесе кәсіпорындарда оқыту), жалпы орташа білім немесе негізгі орташа білім немесе іс жүзіндегі тәжірибесіз жалпы орташа білім базасында техникалық немесе кәсіби білім болғанда.	2-деңгейде 1 жыл
4	Жоғары деңгейдегі техникалық және кәсіби білім (қосымша кәсіби даярлық), іс жүзіндегі тәжірибесі.	3-деңгейде 1 жыл

3-кесте. Кәсіби стандарт бірлігінің тізбесі
(кәсіптің еңбек функциялары)

Еңбек функциясының №	Еңбек функциясының (кәсіби стандарт бірліктерінің) атауы
1	Геофизикалық жұмыстарға қадағалау жүйесін және жабдықтарды дайындау
2	Далалық жұмыстарды зерттеулердің геофизикалық әдістерімен жүргізу, геофизикалық аспаптарды, аппаратураларды және жабдыққа қызметк өрсету және жөндеу.
3	Жабдықтарды демонтаждау және далалық жұмыстар салдарларын жою.

4-кесте. Кәсіби стандарт бірліктерінің сипаттамасы
(функционалдық карта)

Еңбек функциясының №	Еңбек нысанасы	Еңбек құралы	Міндеттер (еңбек іс-қимылы)
1	Геофизикалық жабдық және приборлар, шаңцтық құрал-сайман	Геофизикалық жабдықты орау, тасымалдау және оны жұмыс орнында орналастыру схемалары	1-1) Геофизикалық жабдықты тиеуге, жұмыс орнына оны тасымалдауға және жеткен жері бойынша оны түсіруге қатысу. Жабдық үшін алаңдар мен тұрақ орындарын дайындау Сейсмикалық жұмыстар кезінде бұрғылау жару жұмыстарының салдарын, геофизикалық жабдық алаңдары мен тұрақ орындарын жою
	Шартты белгілер (қазықшалар, тақталар ілу), рулетка.	Геофизикалық жұмыстар жүргізу схемалары мен жоспарлары	1-2) Бөлшектеу-біріктіру жұмыстары – жобалық жағдайда жергілікті жерге қалыптарды және тіркеу нүктелерін және сәулелегіштерді, сондай-ақ геофизикалық қадағалаулар объектілерін ауыстыру
	Физикалық өрісті тіркеу және сәулелендіргіш геофизикалық аспаптар (бергiштер), каротаж кабель, байланыс желілерінің сымдары, сейсмикалық, электр ажыратқыш және қосалқы желілер.	Құрал-саймандар (кемпірауыздар, бұрауыштар және басқалары), бақылау-өлшеу құралдары (тестерлер, омметрлер)	1-3) Монтаждауға және далалық жұмыстарға геофизикалық жабдықты, аппаратура мен аспаптарды дайындауға қатысу (алдын ала қызметкөрсету және жөндеу, тоқ көзіне қосу)
	Геофизикалық жабдықтар, аспаптар мен аппаратуралар	Бақылау-өлшеу аспаптары, дәнекерлеу құрал-сайманы.	1-4) Монтаждау және далалық жұмыстарға геофизикалық жабдықты, аппаратура мен аспаптарды дайындау
2	Физикалық өрісті тіркеу және сәулелендіргіш	Далалық жұмыстар әдістемесі және геофизикалық өрісті	2-1) Пішімде тіркеу және физикалық өрісті сәулелендіргіштерді орнату

	геофизикалық аспаптар, байланыс желілерінің сымдары, сейсмикалық, электр ажыратқыш және қосалқы желілер.	қадағалау схемасы	және оларды біріктіру желілеріне қосу. Оларды орнату және қосу сапасын тексеру. Тіркеу және физикалық өрісті сәулелендіргіштерді және оларды біріктіру желілерін жұмыс процесіне ауыстыру.
	Геофизикалық жабдықтар, аспаптар мен аппаратуралар	Геофизикалық приборлардың, аппаратуралар мен жабдықтардың электрлі және электронды схемалары	2-2) Ұңғыма сағаларына аспаптар мен аппараттарды орнату. Ұңғымалық геофизикалық жұмыстарды (каротаж) орындауға қатысу 2-3) Геофизикалық аспаптарды, аппаратураларды және жабдықтарды жөндеу, жөнге келтіру және реттеу 2-4) Далалық жұмыстар процесінде геофизикалық жабдыққа алдын ала қызмет көрсету және ағымдағы жөндеу
	Электрлі барлау станциялары	Электрлі барлау станцияларды (генераторлық топтарды) пайдалану нұсқаулығы мен қағидалары	2-5) Электрлі барлау станцияларының генераторлық топтарына қызмет көрсету, өлшеулерді жүргізу уақытында қозғалтқыш жұмысының қажетті режимін қамтамасыз ету. Генераторлық топты қарау, майлау, май құю және жерге қосу, радиобайланыс үшін антенналарды орнату. Электролитті ауыстыру және аккумуляторларды зарядтау.
	Сейсмикалық дабылдарды дірілді сейсмикалық қоздырумен сейсмикалық станциялар	Сейсмостанцияларды (дірілді сейсмикалық дабылдардың көздері) пайдалану нұсқаулығы мен қағидалары	Импульстік немесе дірілді әрекеттердің сейсмикалық дабылдарын қоздыру қондырғыларын басқару. Қондырғылардың механикалық, гидравликалық және электрлі тораптарын тексеру және реттеу. Импульстік сейсмикалық дабылды қоздыру. Сейсмикалық станциямен байланыс ұстау. Газды, электрлі, механикалық және қондырғылардың басқа да жүйелерімен жұмысты бақылау.

	Каротажды станциялар	Ұңғымалардың геофизикалық зерттеулерін жүргізу кезінде каротаждық станцияларды пайдалану нұсқаулықтары мен қағидалары.	2-7) Геофизикалық зерттеулер мен ұңғымалардағы ату-жару жұмыстарын жүргізген кезде газкаротажды, өздігінен жүретін каротажды және перфораторлық станцияларды, каротажды көтергіштерді басқару. Алаңды таңдау, дайындау, сондай-ақ зертханаларды, генераторлық топтар мен көтергіштерді орнату. Аппаратураны (аспаптарды) ұңғымаға түсіру және оларды көтеру.
	Ұңғымалар, ұңғымалық геофизикалық жабдық және аспаптар	Каротажды станция, ұңғымалардың геофизикалық зерттеулерін жүргізу әдістемесі мен техникасы	2-8) Тау жыныстарының геофизикалық зерттеулерін жүргізу үшін 1000 метрге дейінгі тереңдіктегі бұрғылау ұңғымаларының каротаж, пневмо-өңдеу, перфорация және торпедирлеу бойынша жұмыстарды орындау
			2-9) 1000 метрден астам тереңдіктегі бұрғылау ұңғымаларының, сондай-ақ тереңдігі 1500 м-ден астам еңкісті-бағытталған ұңғымалардағы каротаж, пневмо-өңдеу, перфорация және торпедирлеу бойынша жұмыстарды орындау
3	Геофизикалық жабдық	Геофизикалық жұмыстарды шоғырландыру схемасы	3-1) Геофизикалық жабдықты және приборларды демонтаждау, оларды тасымалдауға дайындау
	Тұрақ, өлшеу және жару орны (ұңғымалар, шпуралар)	Жою схемасы, шанцтық құрал-сайман	3-2) Сейсмикалық жұмыстар кезінде бұрғылау жару жұмыстарының салдарын, геофизикалық жабдық алаңдары мен тұрақ орындарын жою
	Геофизикалық аспаптар (бергіштер), жабдық, станциялар	Геофизикалық жабдықты тасымалдау схемасы	3-3) Геофизикалық жабдықты тиеу

5-кесте. СБШ 1-ші деңгейдегі геофизиктің құзыреттіліктеріне қойылатын талаптар

№ міндеттер	Тұлғалық және кәсіби құзыреттіліктер	Білігі мен дағдылары	Білімі
1-1) 3-1) 3-2) 3-3)	Басқарушылық және геофизикалық зерттеулерді дайындау және аяқтау кезінде шектеулі жауапкершілікпен атқарушылық қызмет	Жүк тиеу – жүк түсіру жұмыстары, монтажды, дәнекерлеу және шанцты құрал-сайманмен жұмыстардың негізгі тәсілдері, алғашқы көмек көрсету	Құрылғы, аппаратураны, аспаптар мен жабдықтарды пайдалану, тасымалдау және сақтау қағидалары, геофизикалық аппаратураны, аспаптар мен жабдықтарды пайдалану, тасымалдау және сақтау қағидалары, монтажды, дәнекерлеу және шанцты құрал-сайманмен жұмыстардың қағидалары мен негізгі тәсілдері. Геофизикалық жұмыстарды жүргізген кезде ЕҚЖҚТ, ӨК, ӨС, ҚОҚ және ӨҚ қағидалары.

6-кесте. СБШ 2-ші деңгейдегі геофизиктің құзыреттіліктеріне қойылатын талаптар

№ міндеттер	Тұлғалық және кәсіби құзыреттіліктер	Білігі мен дағдылары	Білімі
1-2) 1-3) 1-4) 2-1) 2-2)	Далалық геофизикалық жұмыстарды орындаған кездегі дербестіліктің және шектелеген жауапкершіліктің белгілі бір дәрежесі	Топографиялық карталармен, тау жұмыстарының жоспарларымен және геодезиялық аспаптармен жұмыс. Электр тізбектерінің және желілерінің ақауларын бақылдау-өлшеу аспаптарымен айқындау.	Топографо-геодезиялық жұмыстар, сондай-ақ тау өндірісі бойынша негізгі мәліметтер, Қолданылатын геофизикалық жабдықпен материалдарды пайдалану бойынша нұсқаулық және нормативтік құжаттар, бақылау-өлшеу аспаптарымен жұмыс тәсілдері

7-кесте. СБШ 3-ші деңгейдегі геофизиктің құзыреттіліктеріне қойылатын талаптар

№ міндеттер	Тұлғалық және кәсіби құзыреттіліктер	Білігі мен дағдылары	Білімі
2-4)	Геофизикалық аспаптарды,	Бақылау-өлшеу приборларымен	Электр және радиотехника негіздері, қағидатты электрлі және

	<p>аппаратураны және жабдықты ағымдағы жөндеу, баптау және реттеу мен алдын ала қызмет көрсету кезіндегі өздігінен жоспарлау мен жауапкершілік</p>	<p>және аппаратурамен, монтаждау құрал-саймандарымен жұмыс. Электр тізбектерін монтаждаудың негізгі тәсілдері. Геофизикалық жабдықты, аспаптар мен аппаратураны қосу және бабын келтіру</p>	<p>радиосхемалар, геофизикалық жабдықты, аппаратура мен приборларды демонтаждау мен құрастырудың типтері, қондырғысы, тәртібі, тәсілдері, техникалық қызмет көрсетудің қағидалары мен технологиялық техникалық қызмет көрсетуі, жөндеу. Геофизикалық және жекелеген тораптарды бабын келтіру және реттеу, күйдіру жұмыстарын орындау тәсілдері.</p>
2-5)	<p>Электрлі барлау станциясының генераторлық тобын басқару кезінде дербес жоспарлау және жауапкершілік</p>	<p>Электрлі барлау станциясының генераторлық тобына қызмет көрсету және олармен жұмыс жасау (қозғалтқыш, трансмиссия, генератор)</p>	<p>Генераторлық топ қондырғысы, генераторларды техникалық пайдалану және қызмет көрсету қағидалары, қозғалтқыштың, генератордың, трансмиссияның ақауларын анықтау және жою тәсілдері, электр барлау станцияларын қолданумен өндірістік процестерді орындау схемасы, электр және радиотехника, сымдар маркалары бойынша негізгі мәліметтер</p>
2-7)	<p>Каротажды станцияны басқару кезінде өздігінен жоспарлау және жауапкершілік</p>	<p>Станцияларды, зертханаларды, көтергіштерді, жүкарбаларды, бензоқозғалтқышты және генераторларды жұмысқа дайындау және қызмет көрсету, электролитті ауыстыру және аккумуляторларды зарядтау. Жабдықты, аппаратура мен құрал-сайманды тиеу, түсіру және тасымалдау</p>	<p>Ұңғымалар конструкциялары, геофизикалық зерттеулерді және ұңғымаларда жүргізу тәртібі, аппараттар мен құрылғыларды түсіру және көтеру қағидалары және каротажды-перфораторлық жабдық пен аппаратураны пайдалану қағидалары, газды каротажды, перфораторлық және каротажды станциялар жабдықтарына техникалық қызмет көрсетуді жүргізу қағидалары, жабдықты, аппаратураны, генераторларды және станцияларды, кабельдер мен сымдар маркаларының типтері мен техникалық сипаттамалары, электр техникасының негіздері, жару жұмыстарын жүргізу тәртібі мен қағидалары</p>
2-8)	<p>1000 м-ге дейінгі тереңдіктегі ұңғымалардың геофизикалық зерттеулерін жүргізген кезде дербес жоспарлау</p>	<p>Каротажды жабдықтың дұрыстығын тексеру. Өлшеулерді жүргізу және тоқ шығыны</p>	<p>Ұңғымалардағы геофизикалық зерттеулерді жүргізудің бірізділігі, каротажды-перфораторлық аппаратураны және жабдықтың әрекет ету схемалары, қондырғысы және қағидаты және оларды пайдалану қағидалары,</p>

	мен жауапкершілік	орындарын анықтау. Сымдар мен каротажды кабельдерді оқшаулаудағы бұзылуларды жою.	ұңғымалардағы геофизикалық зерттеулер кезінде қолданылатын тоқ көздерінің типі және олармен жұмыс жасау қағидалары, каротажды кабельдерді және оларды жөндеуді оқшаулауды тексеру қағидалары мен тәртібі, күйдіру жұмыстарын орындау тәсілдері, жару материалдары туралы негізгі мәлімет және олармен жұмыс қағидалары, каротажды жабдықты техникалық қызмет көрсетуді жүргізудің тәртібі, зондтарды дайындау және каротажды кабельдерді биіктету тәсілдері
--	-------------------	---	---

8-кесте. СБШ 3-ші деңгейдегі геофизиктің құзыреттіліктеріне қойылатын талаптар

№ міндеттер	Тұлғалық және кәсіби құзыреттіліктер	Білігі мен дағдылары	Білімі
2-6)	Сейсмикалық-барлау жұмыстарын жүргізген кезде діріл көздерін (сейсмикалық дабылдарды қоздыру қондырғыларын) басқару бойынша атқарушылық-басқарушылық қызмет	Сейсмикалық дабыл көздерін жұмысқа дайындау және оларды сынау. Қондырғының жұмыс параметрлерін өлшеу. Импульстік сейсмикалық дабылды қоздыру. Сейсмикалық станциямен байланыс ұстау.	Газды, механикалық жүйелер, электрлі және радиоэлектронды тораптар, қондырғысы, сейсмикалық дабылдарды қоздыру қондырғылары, оны пайдалану және техникалық қызмет көрсетуді, жөндеуді және реттеуді орындау қағидалары, пішімдегі сейсмо-барлау жұмыстарын жүргізу тәртібі мен ілеспелілігі, қондырғыға сейсмикалық дабылдар көзі ретінде қойылатын талаптар.

«Геологиялық-барлау және
топографиялық-геодезикалық жұмыстар»
кәсіби стандартына
4-қосымша

1-кесте. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланыс

ҚР МЖ 01-2005 мемлекеттік кәсіптердің жіктеуіші					
Базалық тобы	Базалық тобы				
Қазақстан Республикасы жұмысшыларының жұмыстары мен кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығы (БТБА)					
